

«АСКО» СК» АҚ
директорлар
Кеңесімен бекітілген
"11" қаңтар 2016ж.
№ СД —02-16 хаттама.

ЖҮКТЕРДІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

1.1. Осы жүктерді ерікті сақтандыру Ережелері (әрі қарай мәтін бойынша – Ережелер) «АСКО» СК» АҚ-ның (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтандырушы) сақтандыру шарттарын, жүктерді ерікті сақтандыру шарттарын құру тәртібін және олар бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шарттарын анықтайтын ішкі құжаты болып табылады. Жүктерді ерікті сақтандыру шарттары (әрі қарай мәтін бойынша – сақтандыру Шарты) қабілетті азаматтармен немесе заңды тұлғалармен (әрі қарай мәтін бойынша – Сақтанушылар) құрылады.

1.2. Осы Ережелерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

Сақтандыру тәуекелі - сақтандыру нысанының жойылуы немесе бүлінуі мүмкін болатын ықтимал оқиға немесе оқиғалар жиынтығы.

Сақтандыру жағдайы – сақтандыру Шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін болған оқиға.

Сақтандыру сыйақысы – Сақтанушы Сақтандырушының сақтандыру Шартында анықталған мөлшерде сақтандыру төлемін (Пайда алушыға) жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

Сақтандыру сомасы – сақтанушы объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

Сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушы төлейтін ақша сомасы.

Пайда алушы – сақтандыру Шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Заңды тұлғалар да, азаматтар да Пайда алушылар бола алады.

Қосарлы (көпше) сақтандыру – бір объектіні бірнеше сақтандырушыларда әрқайсысымен дербес сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру.

Жүк – жануарларды қоса алғанда жүктерді тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сәйкес тасымалдауға қабылданған мүлік, жүк жөнелтуші ұсынатын көлік жабдығы (контейнерлер, түпқоймалар және қаптауға немесе тасымалдауға байланысты басқа да заттар)

Бөлінбейтін жүк – тасымалдау кезінде бөлшектеу-монтаждау жұмыстарына жұмсалатын шығындарсыз (мысалы, жүктің немесе оны тасымалдау құнымен салыстыруға болатын), сондай-ақ жүк өндірушінің немесе жүк жөнелтушінің құжаттарымен расталатын оның бастапқы сапасының жойылмайтын жоғалу қаупіне байланысты екі немесе одан да көп құрамдас бөліктерге бөлуге болмайтын жүк.

Қауіпті жүк – тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттардың, құрылыстардың, құрылымдардың және өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүліктің жарылуына, өртенуіне немесе бүлінуіне, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауруына себеп болуы мүмкін, қоршаған ортаға зиян келтіретін жүк.

Ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты жүк – автокөлік құралымен тасымалдау кезінде рұқсат етілген габаритті параметрлерден асатын және (немесе) жүк тиелген автокөлік құралының толық салмағы немесе осьтік жүктемелері автокөлік жолдарымен жүру үшін белгіленген рұқсат етілген салмақ параметрлерінен асатын жүк.

Көлік жүкқұжаты – жүктерді тасымалдау кезінде рәсімделетін тасымалдау құжаты.

Халықаралық тасымалдау – бағыты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өтетін тасымалдау.

Өңіраралық тасымалдау – бағыты Қазақстан Республикасының екі және одан да көп облыстары бойынша өтетін тасымалдау.

Жергілікті тасымалдау - бағыты Қазақстан Республикасының бір әкімшілік-аймақтық бірлігі шегінде өтетін тасымалдау.

Жүктерді тасымалдау шарты бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне екінші тарап (жөнелтуші) сеніп тапсырған жүкті белгіленген жерге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті тұлғаға (алушыға) беруге міндеттенеді, ал жөнелтуші шартқа немесе тарифке сәйкес жүкті тасымалдау үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Тиеу-түсіру операциялары – жүкті тікелей бір көлік құралынан екіншісіне немесе қойма арқылы тасымалдауға байланысты жұмыстар.

Біртекті жүк — бір-бірін алмастыратын және бірдей қызметтерді атқаратын кез келген тауар партиясы.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.

- 2.1. Сақтандыру шарттарында көзделген сақтандыру жағдайы нәтижесінде жүктің немесе оның бір бөлігінің бүлінуі, жарамсыз болуы немесе жойылуы (жоғалуы) салдарынан туындаған залалды жартылай немесе толық өтеуге байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.

- 3.1. Жүктің немесе оның әрбір партиясының (бөлігінің) сақтандыру сомасын анықтау кезінде, егер сақтандыру Шартында оны бір уақытта (біржолғы) немесе партиялармен (бөліп) жөнелту көзделсе, сақтандыру Шарты бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі жүктің немесе партияның (бөліктің) сақтандыру сомасына тең.
- 3.2. Барлық жүк жиынтығының сақтандыру сомасын анықтау кезінде, егер сақтандыру Шартында оны партиялармен (бөліп) жөнелту көзделсе, жүктің әрбір партиясы (бөлігі) бойынша Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі жүктің жалпы құнындағы оның құнының шамасын негізге ала отырып, жүктің осы партиясына (бөлігіне) тиесілі сақтандыру сомасының бөлігіне тең.
- 3.3. Жүк Сақтанушы мәлімдеген сомаға сақтандырылған болып саналады.
- 3.4. Сақтандыру сомасы сақтандыру Шартын құру кезінде жүктің нақты құнынан (сақтандыру құнынан) аспауға тиіс.
Жүктің нақты құны — мәміле тараптары объект туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып, әрекет ететін бәсекелестік жағдайында мәміле негізінде сақтандыру нысаны иеліктен шығарылуы мүмкін ең ықтимал баға, ал мәміле бағасына қандай да бір төтенше жағдайлар әсер етпейді.
- 3.5. Егер сақтандыру Шартында анықталған сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы кезінде жүктің нақты құнынан артық болса, онда Сақтандырушы біржақты тәртіппен сақтандыру сомасын тиісті сома мөлшеріне дейін азайтады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ.

- 4.1. Осы Ережелерге сәйкес жүк осы бапта көзделген тәуекелдерден сақтандырылуы мүмкін, атап айтқанда:
- **«Табиғи сипаттағы дүлей апаттардың қаупі»** - табиғи сипаттағы дүлей апаттардан туындаған барлық сақтандырылған жүктің немесе бір бөлігінің жоғалуынан, жетіспеуінен және зақымдануынан, бүлінуінен болған залалды өтеуді көздейді, оларға боран (қарлы, құмды, сулы), дауыл (Бофорт шкаласы бойынша 12 баллдан бастап), нөсер (оның ішінде бұршақ), жер сілкінісі (Рихтер жер сілкінісінің қарқынды Шкаласы бойынша 6 баллдан бастап), сел, опырылу, көшкін, су тасқыны (селді қоспағанда) жатады;
 - **Жеке апаттың қаупі.** Осы шартта құрылған сақтандыру Шарты бойынша төмендегілердің нәтижесінде келтірілген барлық сақтандырылған жүктің немесе бір бөлігінің жоғалуынан, жетіспеуінен және зақымдануынан, бүлінуінен болған залал өтеледі:
 - өнеркәсіптік, көліктік және басқа да апаттар;
 - кемені немесе баржаны құрлыққа отырғызу, жағаға шығару, су басу немесе аудару;
 - теміржол вагондарының еңіспен түсуі;
 - өрт (жарылыс), әуе кемесінің апаты;
 - жол – көліктік оқиғалар;
 - ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауы;
 - бөгеттерді бұзу, тіршілікті қамтамасыз етудің электр энергетикалық және коммуникациялық жүйелеріндегі, тазалау құрылыстарындағы апаттары;
 - толқынмен шаю немесе бортқа лақтыру, кемер сыртындағы судың кіруі.
 - **сақтау қауіптері.** Осы шартта құрылған сақтандыру Шарты бойынша төмендегілердің нәтижесінен болған сақтау орындарындағы барлық жүктің немесе бір бөлігінің жойылуынан, жоғалуынан және бүлінуінен болған залал өтеледі:
 - найзағай түсуінен, электр желісіндегі апаттан, жарылыстан немесе өрттен туындауы мүмкін өрт;
 - басталуы су тасқынынан, жер асты суларынан, жылыту, су құбыры, кәріз желілерінің апаттарынан немесе көрші үй-жайлардан судың кіруінен туындауы мүмкін су басу;
 - боран, дауыл, тайфун, құйын, жарылыс немесе ұшатын аппараттардың құлауы;
 - бұзу арқылы ұрлау, тонау немесе қарақшылық нәтижесінде залал келтірілген болса, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері;
 - тиеу-түсіру жұмыстары кезінде оның құлауы салдарынан жүктің немесе оның бір бөлігінің толық жоғалуынан болатын залал.
 - **үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің қаупі.** Осы шартта құрылған сақтандыру Шарты бойынша бұзақылық, ұрлық, тонау немесе қарақшылық нәтижесінде келтірілген сақтандырылған барлық жүктің немесе бір бөлігінің жоғалуынан, жетіспеуінен және зақымдануынан, бүлінуінен болған залал өтеледі.
 - **Ұрлық** — сақтандыру аумағында болған көлік құралынан сақтандырылған жүкті жасырын ұрлау, ол жерге қайқы кілтті, жалған кілттерді немесе өзге де техникалық құралдарды (саймандарды) пайдалана отырып кіру нәтижесінде және жоғарыда көрсетілген құралдарды шығу кезінде, сондай-ақ көлік құралының құрылымдық элементтерін бұза отырып, одан әрі пайдалану.
 - **Тонау, қарақшылық** — Сақтанушыға, оның қызметкерлеріне олардың қарсылықтарын басу мақсатында күш қолданумен, сондай-ақ сақтандыру аумағының шегінде мұндай күш қолдану қатерімен көлік құралынан сақтандырылған жүкті ашық ұрлау.
 - **Бұзақылық** – азаматтарға күш көрсетумен не оны қолданамын деп қорқытумен,

бөтен мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен не айрықша арсыздықпен ерекшеленетін ерсі әрекеттерді жасаумен қатар жүретін қоғамға айқын құрметсіздік білдіретін қоғамдық тәртіпті аса қатаң бұзу.

- 4.2. «Барлық тәуекелдер» шарты бойынша жүкті сақтандыру жоғарыда аталған барлық тәуекелдерді қамтиды.
- 4.3. Осы бөлімде көзделмеген мән-жайлардың басталу салдарынан барлық жүктің немесе бір бөлігінің жоғалуынан, жетіспеуінен және зақымдануынан, бүлінуінен болған залал қосымша сақтандырылуы мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.

5.1. Төмендегілердің салдарынан болған залал сақтандыру жағдайынан алып тастау болып табылады:

- ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- әскери іс-қимылдар, сондай-ақ маневрлер немесе әскери іс-шаралар;
- азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе көтерілістер, террористік актілер немесе қарақшылық әрекеттер;
- миналармен соқтығысу, бомбалармен, торпедалармен, снарядтармен, оқтармен және өзге де қару түлерімен зақымдану;
- кез келген түрдегі жанама шығындар (жүктің кешігуі кезінде және т.б. моральдық зиян, жіберілген пайда, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар және т.б.);
- жүктің сақталуы кезінде қаптаманың бүлінуі;
- қауіпті компоненттері бар жүкті тасымалдау және сақтау;
- жүгі бар көлік құралының із-түзсіз жоғалуы;
- мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған жүкті алу, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- Сақтанушының немесе Пайда алушының келісімімен, бірақ Сақтандырушының келісімінсіз жарылғыш және өздігінен жанатын заттарды тиеуден болған өрт немесе жарылыс;
- ыдыстың немесе қаптаманың ластануы, бүлінуі нәтижесінде жүктің құнсыздануы;
- жүктің ағып кетуінен және жарылуынан, шынының, фарфордың, фаянстың, керамиканың, мәрмәрдің, олардан жасалған бұйымдардың, кез келген түрдегі кірпіштің, диірмен тасының, қайрақ және литографиялық тастардың, графит ыдыстардың, электродтардың және сынуға бейім өзге де заттардың сынуы мен шағылуынан болған жануарлар мен құстардың өлімі;
- жүкті жеткізу мерзімінің өтіп кетуі және осы жүктің нарықтық бағасының өзгеруі.

Осы тармақта аталған оқиғалардың басталуынан келтірілген залал тәуекелдері Сақтандырушының келісімімен қосымша сақтандыру сыйақысы үшін сақтандырылуы мүмкін.

5.2. Сақтандыруға жатпайды:

- ақша белгілері, жол чектері, бағалы қағаздар, несие карталары, зергерлік бұйымдар және бағалы металдардан жасалған бұйымдар;
- күшті әсер ететін дәрілік препараттар, есірткі, психотроптық және басқа да қауіпті заттар;
- оқ ату қаруы, пневматикалық, газ, ату жарақтары, суық қару (лақтыратын қаруды қоса алғанда) және т.б.;

- сипаты немесе қаптамасы бойынша Сақтанушының немесе тасымалдаушының қызметкерлеріне қауіп келтіруі мүмкін басқа да жүк орындарын ластайтын немесе бүлдіретін заттар;
- тасымалдауға тыйым салынған не қолданыстағы заңнамалық актілердің кез келгенімен шектелген тауарлар немесе материалдар;
- құрамында қауіпті компоненттері бар жүк (жоғары тұтынғыш, жанғыш, тотықтырғыш, жарылғыш, улы, өте улы заттар және т.б.).

Осы тармақта көрсетілген жүктер Сақтандырушының келісімімен ерекше жағдайларда сақтандырылуы мүмкін.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ.

- 6.1. Сақтандыру сыйақысының мөлшері сақтандыру Шартымен анықталады және сақтандыру сомасына, сақтадыру мерзіміне және сақтандыру тарифіне байланысты болады.
- 6.2. Сақтандыру тарифінің мөлшерлемесі актуарлық есеп айырысулармен анықталады және сақтандырылатын жүктің сипаттамаларына, тасымалдау түріне, жөнелту тәсіліне, сақтандыру тәуекелдеріне, сондай-ақ сақтандыру жадайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына әсер ететін өзге де факторларға байланысты болады. Сақтандыру тарифтерін өзгерту тәуекел дәрежесін өзгертетін мән-жайлар болған кезде, сондай-ақ бұрын Сақтанушының жүктерін сақтандыру нәтижелерінен (төлемдердің болуы, болмауы) жүргізілуі мүмкін.
- 6.3. Сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру сыйақысын Сақтанушы бір уақытта немесе бөліп төлейді.
- 6.4. Сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру Шартында анықталады.
- 6.5. Сақтандыру сыйақысы, оның ішінде бөліп төлеуге жататын төлем уақтылы төленбеген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан заңды тұрақсыздық айыбын өндіріп ала алады. Егер сақтандыру жағдайы төлем мерзімі келмеген сақтандыру сыйақысының кезекті жарнасы төленгенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде сақтандыру сыйақысының қалған сомасын есепке алуға құқылы. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте бір уақытта төленуге жататын сақтандыру сыйақысы толық енгізілмесе, сақтандыру төлемі сақтандыру сыйақысы толық көлемде төленгенге тура пропорционалды мөлшерде азайтылуға жатады. Кейіннен сақтандыру сыйақысының қалған бөлігін төлегеннен кейін қорғау сақтандыру сомасының тиісті бөлігіне толықтырылады.
- 6.7. Сақтандыру Шарттарын кемінде 12 айға құру кезінде жоғары тәуекелдер болмаған кезде сақтандыру сыйақысы тарифтерге сәйкес есептелген сақтандыру сыйақысын сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінің коэффициентіне көбейту жолымен азайтылуы мүмкін:

Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңі	Коэффициенті
3 айға дейін	0,5
3 айдан бастап 6 айға дейін	0,7
6 айдан бастап 9 айға дейін	0,9
9 айдан бастап 12 айға дейін	1,0

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ.

- 7.1. Сақтандыру Шарты тараптардың келісімінде белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 7.2. Егер сақтандыру шарттарында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылуы сақтандыру Шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ.

- 8.1. Сақтандыру шартын құру үшін Сақтанушының жазбаша өтініші негіз болып табылады, онда сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін елеулі маңызы бар барлық белгілі мән-жайларды қамтуы тиіс. Өтініш сақтандыру Шартының ажыратылмас бөлігі болып табылады.
- 8.2. Сақтандырушының өтінішінде және қосымша жазбаша сұрауларына жауаптарда көрсетілген деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Сақтанушы жауапты болады.
- 8.3. Сақтандырушы сақтандырылатын жүкке тексеріс жүргізе алады, оның тиелуін, түсірілуін және сақталуын бақылауды жүзеге асыра алады, сондай-ақ оның нақты құнын өз есебінен белгілеу мақсатында сараптама тағайындай алады. Мұндай шараларды өткізу бойынша шығындарды Сақтандырушы көтереді.
- 8.4. Сақтандыру шарты тек жазбаша нысанда құрылады.
- 8.5. Сақтандыру Шарты үшінші тұлғаның – Пайда алушының пайдасына құрылуы мүмкін. Сақтанушы сақтандыру Шартын құру кезінде сақтандыру төлемдерін алу мүмкіндігі үшін жеке немесе заңды тұлғаны (Пайда алушыны) тағайындауға құқылы. Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушыға алдын ала жазбаша хабарлай отырып, өз қалауы бойынша Пайда алушыны алмастыруға құқылы.
- 8.6. Сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оған телнұсқасын береді. Сақтандыру Шартының телнұсқасын рәсімдеу шығындарын Сақтанушы өтініш берілген күні Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген кемінде 0,1 есептік айлық көрсеткіш мөлшерінде өтейді. Телнұсқа берілгеннен кейін жоғалған сақтандыру Шарты жарамсыз болып саналады және ол бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмайды.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

9.1. Сақтанушы құқылы:

- сақтандыру Ережелерімен және шарттарымен танысуға;
- Сақтандырушыдан сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- Пайда алушыны тағайындауға;
- Сақтандырушының келісімімен сақтандыру Шартының талаптарына өзгерістер енгізуге;
- сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
- келтірілген залалдың мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызыметтерін пайдалануға;
- келтірілген залалдың мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеумен танысуға;
- сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне дау айтуға;
- сақтандыру Шартында көзделген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру төлемін алуға.

9.2. Сақтанушы міндетті:

- сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтандырушыға алдыңғы сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы және сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандыру Шартын құру үшін қажетті өзге де мәліметтерді ұсынуға;

- сақтандыру сыйақысын сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде төлеуге;
- егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелі дәрежесінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, оған белгілі болған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей Сақтандырушыға мән-жайлардың өзгерістері туралы жазбаша нысанда хабарлауға. Атап айтқанда, Сақтандырушыға сақтандыру шартында (өтініште) көзделмеген жүктің жөнелтілуінің баяулауы, шартта әдеттегі немесе келісілген маршруттан ауытқуы, рейстің кешігуі, жүкті қайта тиеу, түсіру, сақтау немесе тағайындау пунктінің өзгеруі, басқа көлік құралына қайта тиеу, жүкті жөнелту тәсілінің өзгеруі туралы хабарлауға;
- тиеу-түсіру жұмыстарының басталу күні, уақыты және орны туралы Сақтандырушыға дер кезінде жазбаша хабарлауға;
- сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Ережелердің 10-бөлімінің талаптарына сәйкес әрекет етуге;
- зиян келтіруге жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- егер Сақтанушыға ұрлық үшін тәуекел бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін ұрланған жүк қайтарылса не залалды оның келтірілуіне жауапты тұлға өтесе, Сақтандырушыға сақтандырылған жүкті жөндеуге (қалпына келтіруге) кеткен шығындарды шегергенде алынған сақтандыру төлемін қайтаруға;
- егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талап қоюдың мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе сақтандыру Шарты бойынша Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлеміне құқығынан толық немесе жартылай айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін толық көлемде қайтаруға;
- тәуекел дәрежесі ұлғайған кезде сақтандыру сыйақысын қосымша төлеуді жүзеге асыруға.

9.3. Сақтандырушы құқылы:

- сақтандыру Шартының барлық қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру Шартын құру кезінде Сақтанушы ұсынған мәліметтерді, оның ішінде алдыңғы сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпараттарды алу жолымен сақтандыру тәуекелінің жағдайын бағалауға;
- Сақтанушы ұсынған ақпаратты, сондай-ақ оның сақтандыру Шартының талаптарын орындауын тексеруге;
- сақтандыру жағдайының басталу дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды Сақтанушыдан талап етуге және тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сұратуға;
- сақтандыру жағдайының себептері мен өзге де мән-жайларын анықтау үшін бүлінген (жойылған) жүкті тексеруді және бағалауды жүргізу;
- сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген залалдың мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметтерін пайдалануға;
- залал келтіруге жауапты тұлғаға керіп талап қою құқығын талап етуге;
- құзыретті органдардың құжаттары негізінде барлық мән-жайларды анықталғанға дейін сақтандыру төлемінің мерзімін ұзартуға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру шарттарында көзделген негіздер бойынша оны толық немесе жартылай жүзеге асырудан бас тартуға.

9.4. Сақтандырушы міндетті:

- Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға, сақтандырушы Шартынан

туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

- сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны алған кезде оны дереу тіркеуге;
- сақтандыру төлемін сақтандыру Шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүргізуге;
- Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды жою немесе азайту мақсатында жұмсалған шығындарды өтеуге;
- сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ.

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- болған мән-жайларда жүкті құтқару және жәбірленушілерге көмек көрсету үшін ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдауға;
- сақтандыру жағдайы туралы тиісті органдар мен ұйымдарға олардың құзыретіне қарай (ішкі істер органдарының полиция бөлімшелері, өртке қарсы қызмет органдары, апаттық қызметтер, құтқару қызметтері, кеден қызметтері және ТЖ қызметтері) дереу хабарлауға;
- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап Сақтандырушыға 72 (жетпіс екі) сағат ішінде (демалыс және мереке күндерін қоспағанда) орнын, уақытын және оның барлық мән-жайларын көрсете отырып, кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға. Жазбаша нысандағы хабарлама келесі 24 (жиырма төрт) сағат ішінде жазбаша расталуы тиіс. Егер Сақтанушының дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындайтын мүмкіндігі болмаса, ол оны құжатпен растауы тиіс;
- Сақтандырушының өкілдері немесе сарапшы оны сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін тап болған түрінде тексергенге дейін зардап шеккен жүктің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залал мөлшерлеріне әсер етпесе);
- Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы мен салдарлары туралы, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерлері туралы жорамалдауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты (қажет болған жағдайда – жазбаша нысанда) және құжаттаманы ұсынуға;
- Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының туындау себептеріне және өзге де мән-жайларына дербес тексеру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- Сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаның кінәсін анықтау үшін қажетті барлық шаралар мен әрекеттерді қабылдауға (болған оқиғаны зерттеу үшін құзыретті мемлекеттік органдарды тарту, кінәлі тұлғаларды іздестіруге және тануға қатысу, сот отырыстарына қатысу, болған оқиғаның мән-жайларын зерттеу барысы туралы мәліметтерді алуға қажетті сұрау салулар беру және т.б.)
- Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайы туралы хабарланған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бүлінген (жетіспейтін) жүкке тексеріс жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕГІ.

- 11.1. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
- 11.2. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті:

- сақтандыру жағдайы туралы өтініш;
 - сақтандыру шарты (оның телнұсқасы);
 - сақтандыру жағдайының басталу дерегін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттар;
 - зиян келтіруге жауапты тұлғаға талап қою құқығын беру туралы өтініш;
 - Пайда алушының жеке куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;
 - тасымалдау құжаттарының түпнұсқалары;
 - тасымалдаушыға жіберілген шағымдардың көшірмелері, тауарлардың ілеспе құжаттарының (инвойстардың, сипаттама құжаттарының, қаптама парақтарының, сапа сертификатының және т.б.) түпнұсқалары немесе тиісті үлгіде расталған көшірмелері, олардың айналымының белгіленген тәртібіне сәйкес басқа да құжаттар Сақтанушыға немесе тасымалдаушыға ғана берілуі мүмкін;
 - коммерциялық актілердің, сараптама актілерінің, жүкті тапсыру-қабылдаудың бірлескен актілерінің түпнұсқалары;
 - күзетілетін аймақта жүгі бар көлік құралының болуын растайтын чектер, талондар немесе өзге де құжаттар,
 - іскерлік айналым салты бойынша құрылған және сақтандыру жағдайына жататын өзге де құжаттар.
- 11.3. Егер сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларынан залалдың мөлшері мен дәрежесі туралы жорамалдау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, Сақтандырушы осы Ережелердің 11.2-тармақшасында көрсетілмеген өзге де құжаттар ұсынуды талап етуге құқылы.
- 11.4. Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандыру жағдайының басталуының қосымша дәлелдерін ұсынуға құқылы.

12. КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯН МЕН САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ.

- 12.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайлары, залал мөлшері анықталғаннан және Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандыру шартында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін жүзеге асырады.
- 12.2. Жүктің толық конструктивті жойылуы, бүлінулерді жоюдың немесе белгіленген жерге жүкті жеткізудің экономикалық тиімсіздігі кезінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың міндетті шарты Сақтандырушы мен осы жүктің меншік иесі болып табылады, ол меншік құқығын беруді және Сақтандырушыға сақтандырылған жүкке немесе оның қалдықтарына меншік құқығының заңды негізде өтуін қамтамасыз ететін құжаттарды рәсімдеуді көздейді;
- 12.3. Сақтанушының немесе Пайда алушының жазбаша немесе нотариалды куәландырылған сенімхатпен рәсімделген өтініші бойынша сақтандыру төлемі мүлікті (жүкті) қалпына келтіру бойынша қызметтер көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан немесе Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.
- 12.5. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу дерегін және залал мөлшерін растайтын барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 банктік күн ішінде жүргізеді.
- 12.6. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі ұзартылуы мүмкін:
- 12.6.1. 30 тәулікке дейін – сақтандыру жағдайының мән-жайларына қосымша тексеріс жүргізу қажет болғанда;

12.6.2. тергеу аяқталғанға дейін, егер құзыретті органдар Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қарсы қылмыстық іс қозғаса және залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайларға тергеу жүргізсе;

12.7. Егер сақтандыру жағдайы төлем мерзімі келмеген белгілі бір сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (егер бөліп төлеу көзделсе) туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде мерзімі өткен сақтандыру жарнасының сомасын есепке алуға құқылы.

12.8. Сақтандыру төлемі белгілі бір мөлшерден аспайтын сақтандыру төлемінің бір бөлігінен Сақтандырушыны босату түсінілетін франшиза шегеріле отырып жүргізіледі. Шартты және шартсыз франшизаны ажыратады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшиза сомасынан аспайтын сақтандыру төлемінен босатылады және залалды толығымен жабуға тиіс, егер оның сомасы франшизадан артық болса. Шартсыз франшиза кезінде сақтандыру төлемі франшиза сомасын шегергенде септеледі. Франшиза сақтандыру сомасына пайыздық қатынаста немесе абсолюттік шамада анықталады. Франшиза туралы шарттар сақтандыру Шартында белгіленеді .

12.9. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылады:

12.9.1. толық жойылу кезінде — Шарт бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінде, франшизаны және мақсаты немесе іске асырылуы бойынша қолдануға жарамды қалдықтардың құнын шегергенде. Қалпына келтіру шығындары сақтандыру жағдайы басталған күні оның нарықтық құнының 80% асатын жағдай жүктің толық жойылуы болып саналады.

12.9.2. жүктің жартылай бүлінуі кезінде — франшизаны және мақсаты немесе іске асырылуы бойынша қолдануға жарамды қалдықтардың құнын шегергенде, оны қалпына келтіруге кеткен шығындар мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде.

12.10. Сақтандыру Шартының талаптарында Сақтандырушының шығындарды өтеуі көзделуі мүмкін:

- жүкті құтқару және шығындарды азайту мақсатында жүргізілген жүктерді қайта орау бойынша;
- залалдың себептері мен мөлшерін анықтау үшін жүргізілген апаттық комиссарлардың, сюрвейерлер мен сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеуге.

13. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.

13.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайлары, залал мөлшері анықталғаннан және Сақтанушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру шарттарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін жүзеге асырады.

13.2. Сақтандырушы, егер залал келесілердің салдарынан туындаған жағдайда барлық сақтандырылған тәуекелдер бойынша сақтандыру деп танылуы мүмкін болған оқиғаға байланысты сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы:

- қажетті қорғаныс пен аса қажеттілік жағдайында жасалатын әрекеттерді қоспағанда Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себептік байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері;
- Сақтанушының, Пайда алушының немесе олардың өкілдерінің өрескел немқұрайлығы, олардың біреуінің жүктерді тиеудің, тасымалдаудың, қайта тиеудің және (немесе) сақтаудың қолданыстағы Ережелерін бұзуы;

- Сақтанушының, Пайда алушының, жөнелтушінің, тасымалдаушының немесе экспедитордың төлем қабілетсіздігі;
- жүкті жөнелту орнына қайтару;
- жүкті сақтандыру шарттарында көзделмеген межелі жерге жеткізу немесе оны сақтандыру шарттарында белгіленбеген жерде сақтау;
- көлік түрін сақтандыру Шартында келісілмеген жүкті тасымалдау үшін пайдалану;
- егер бұл тасымалдау және (немесе) сақтау шарттарының бұзылуына байланысты болмаса, оның ішкі қасиеттері салдарынан жүк сапасының нашарлауы;
- жүкті жеткізудегі кідірістер, оның ішінде, егер мұндай кідіріс туындау қаупі сақтандырылған оқиғаның, жүкті өткізудің кепілдік мерзімдері мен мерзімдерінің аяқталуының, оның бағасының өзгеруінің салдарынан болса;
- жөнелтушінің, экспедитордың немесе жөнелту станциясының бұзылмаған пломбаларымен контейнерде, автофургонда немесе вагонда келген жүктің жетіспеушілігі; сыртқы қаптамасы бұзылмаған кезде жүк орнының ішіндегі кемшіліктер;
- қаптаманың, контейнердің немесе көлік құралының жүктің белгілі бір түрін тасымалдаудың белгіленген ережелеріне сәйкес келмеуі, сондай-ақ кемнің теңізде жүзуге қабілетсіздігі немесе жүкті тасымалдау үшін көлік құралының дайындалмауы;
- жүктің зауыттық ақаулығы немесе өндірістік ақаулықтары;
- күзетілмейтін аумақта тасымалданатын жүкпен көлік құралын қараусыз қалдыру.

13.3. Сақтанушы осы залалды келтіргені үшін кінәлі тұлғалардан залалдың тиісті өтемін алған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемінен босатылады.

13.3. Моральдық зиян, жіберілген пайда, тауарлық түрінің жоғалуы және сақтандыру жағдайының басталуына байланысты өзге де жанама шығындар сақтандырумен жабылмайды.

13.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін төмендегілер негіз болып табылады:

- Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы;
- Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
- Сақтанушының Сақтандырушыға өзіне белгілі болған немесе белгілі болуы тиіс сәттен бастап 24 сағат ішінде тәуекелдің маңызды өзгерістері туралы жазбаша хабарламауы;
- Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қабылдамауы;
- Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуге және ол келтірген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
- Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапы тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға регрессиялық талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуге қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе жартылай қайтаруды талап етуге құқылы;
- Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның басталу себептерін растайтын құзыретті органдардың құжаттарының болмауы;
- Сақтандыру Шартының талаптарын сақтамау;
- сақтандыру Шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушының өкіліне бүлінген

(жетіспейтін) жүкті қарау мүмкіндігін қамтамасыз етпеу.

13.5. Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатады. Бұл жағдайда жәбірленушілерге келтірілген залалды өтеу үшін жауапкершілік ҚР заңнамасында көзделген тәртіппен тікелей залал келтірушіге жүктеледі.

13.6. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды және Сақтанушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға жазбаша дәлелді хабарлама жібереді.

14. САҚТАНУШЫНЫ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖЕТІСПЕЙТІН ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ МЕРЗІМІ.

14.1. Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайларда олар сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы жазбаша өтініш алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

15. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ.

15.1. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу дерегін және оған келтірілген залалдың мөлшерін растайтын барлық құжаттарды алған күннен бастап он бес банктік күн ішінде жүргізеді.

15.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімі ұзартылуы мүмкін:

- сақтандыру жағдайының мән-жайларына қосымша тексеріс жүргізу қажет болған кезде – 30 күнге дейін;
- егер құзыретті органдар Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қарсы қылмыстық іс қозғалса және залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайларға тергеу жүргізілсе, тергеу аяқталғанға дейін.

15.3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтанушы немесе Пайда алушы даулаған жағдайларда Сақтандырушы осы бөлімде белгіленген мерзімдер ішінде Тараптардың ешқайсысы дауламайтын бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

15.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толық немесе жартылай бас тарту туралы шешімді 15 жұмыс күні ішінде қабылдайды. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Сақтандырушы Сақтанушыға немесе Пайда алушыға жазбаша нысанда бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жібереді.

16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСТАУ ШАРТТАРЫ.

16.1. Сақтандыру Шартының қолданылуы оның аяқталуы ретінде белгіленген күні сағат 24.00-де тоқтатылады.

16.2. Сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырған жағдайда;
- 2) Тараптардың келісімімен оны төлеу жөніндегі міндеттеменің орындалған күні ретінде анықталған күні сағат 24.00-де кезекті сақтандыру жарнасы келісілген мерзімдерде төленбеген жағдайда, бұл ретте бұрын төленген жарналар қайтарылуға жатпайды;

- 3) сақтандыру объектісі бар болуын тоқтатқанда;
- 4) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;
- 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген жағдайда;
- 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

16.3. 13.2-тармақтың 3), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін бастамашы тарап екінші тарапқа растайтын құжаттарды қоса бере отырып, оны мерзімінен бұрын бұзуға әкеп соғатын мән-жайлардың туындағаны туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайларда Шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жай туындаған сәттен бастап Шарт тоқтатылды деп есептеледі және Сақтанушы Шарттың 16.5-тармағының талаптарына сәйкес сақтандыру сыйақысының бір бөлігін қайтаруға құқылы.

16.4. 16.2-тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген мән-жайлар бойынша сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін бастамашы тарап екінші тараптың атына сақтандырудың қолданылуын жалғастыруға кедергі келтіретін мән-жайларды көрсете отырып, мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша ұсынысты жібереді. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін алынған ұсыныс қабылданды, ал сақтандыру Шарты қосымша келісімге келмей бұзылды деп есептеледі. Мұндай жағдайларда сақтандыру Шарты Тарап осындай хабарлама алған күннен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл ретте Сақтанушының пайдасына сақтандыру сыйақысының қандай да бір бөлігін қайтару туралы мәселе (сақтандыру Шартының 16.5-тармағы) ҚР Азаматтық Кодексінің 842-бабы 2-тармағына сәйкес шешіледі.

16.5. Сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға №1 Кестеге сәйкес сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі аяқталмаған кезеңі үшін төленген сақтандыру сыйақыларын, істі жүргізуге жұмсалған шығындарды шегергенде, сақтандыру сыйақысының жалпы сомасының 25% мөлшерінде және жүргізілген сақтандыру төлемдерін қайтарады.

№1 кесте

Шарт күшіне енген сәттен бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылғанға дейінгі өткен мерзім	15 күнге дейін	16 күннен 1 айға дейін	1 айдан 2 айға дейін	2 айдан 3 айға дейін	3 айдан 4 айға дейін	4 айдан 5 айға дейін	5 айдан 6 айға дейін	6 айдан 7 айға дейін	7 айдан 8 айға дейін	8 айдан 9 айға дейін	9 айдан 10 айға дейін	10 айдан 11 айға дейін	11 айдан жоғары
Сақтандырушы ұстайтын сақтандыру сыйақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйақысының %-мен)	15	20	30	40	50	60	70	75	80	85	90	95	100

16.6. Егер Сақтандырушының талаптары Сақтанушының сақтандыру Шартының талаптарын орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтармайды. Егер Сақтанушының талаптары Сақтандырушының сақтандыру Шартының талаптарын орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының жалпы сомасының 25% мөлшерінде істі жүргізуге жұмсалған шығындарды шегергенде өзі төлеген сақтандыру сыйақыларын қайтарады.

16.7. Осы бөлімде көзделмеген негіздемелер бойынша Сақтанушының талабы бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы қайтарылуға жатпайды.

17. ЗИЯН КЕЛТІРУШІ ТҰЛҒАҒА КЕРІШ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.

17.1. Егер Сақтанушы үшінші тұлғалардан келтірілген залал үшін өтемақы алса, Сақтандырушы сақтандыру шарттары бойынша төлеуге жататын сома мен үшінші тұлғалардан алынған сома арасындағы айырмашылықты ғана төлейді. Сақтанушы Сақтандырушыға мұндай сомалардың алынғаны туралы дереу хабарлауға міндетті.

17.2. Егер заңнамада көзделмеген талап қою мерзімдері ішінде Сақтанушыны сақтандыру төлемдерінен толық немесе жартылай айыратын мұндай мән-жай анықталса, Сақтанушы Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемдерін (немесе олардың тиісті бөлігін) қайтаруға міндетті.

17.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының немесе сақтандыру төлемін алған тұлғаның сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы өтеді.

17.4. Сақтанушы сақтандыру төлемін алғаннан кейін 72 сағат ішінде Сақтандырушыға осы талап ету құқығын іске асыру үшін қажетті барлық қолда бар құжаттарды (туындаған оқиға мән-жайларының тергеуін жүргізетін органдармен хат алмасу, сот шешімдері, құзыретті органдардың қаулылары, тұрғылықты жері туралы мәліметтер, қолхаттар, кінәлі тұлғалардың өтініштері, ашу хаттамалары, тізімдемелер және т.б.) беруге міндетті. Көрсетілген құжаттар Сақтандырушыға түпнұсқаларда берілуге тиіс.

17.5. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің кері талап ету құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының (Пайда алушының) кінәсінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

17.6. Сақтанушы Сақтандырушыға келтірілген залал үшін жауапты тұлғаға сақтандыру төлемі сомасының көлемінен артық талап ету құқығын беруге, сондай-ақ осы тұлғаға қойылатын өзге де талаптарды беруге құқылы.

17.7. Сақтандырушының сақтандыру оқиғасының басталуына кінәлі тұлғаға регрессиялық талап ету құқығын іске асыруы қажет болған жағдайда Сақтанушы жазбаша растамалар беру және т.б. қосымша ықтимал жәрдем көрсетуге міндетті.

18. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ.

18.1. Сақтандыру шартын құру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға тәуекелдерді, сақтандыру сомаларын, сақтандыру Шарттарының нөмірлерін және олардың қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, басқа Сақтандырушылармен тасымалданатын жүкке қатысты барлық қолданыстағы немесе құрылатын сақтандыру Шарттары туралы хабарлауға міндетті.

18.2. Қосарланған сақтандыру кезінде әрбір Сақтандырушы Сақтанушының алдында онымен құрылған шарт шегінде жауапты болады, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

18.3. Бұл ретте Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан онымен құрылған сақтандыру Шартында көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемеген жағдайда Сақтанушы басқа Сақтандырушыдан жетіспейтін соманы алуға құқылы.

18.4. Келтірілген залалды басқа Сақтандырушылар өтегендіктен сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе жартылай босатылған Сақтандырушы мөлшері 25% (жиырма бес пайыз) дейін жетуі мүмкін шығындарды шегергенде Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының тиісті бөлігін қайтарады.

19. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.

- 19.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген кезде сот тәртібімен шешіледі.
- 19.2. Сақтандыру шартынан туындайтын талаптар (шағымдар) Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап қоюдың жалпы мерзімдері шегінде қойылуы мүмкін.
- 19.3. Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда тараптардың әрқайсысының қосымша сараптама жүргізуді талап етуге құқығы бар, ол оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

20. ҚОСЫМША ШАРТТАР.

- 20.1. Осы Ережелерге сәйкес тараптардың келісімі бойынша құрылатын сақтандыру Шартына осы сақтандыру Ережелерінде қамтылмаған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өге де шарттар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалары, алып тастаулары және т.б.) енгізілуі мүмкін.